



# СӨЖ

**Тақырыбы:** Ауруларды зерделеудегі эпидемиологиялық тәсіл. Жұқпалы және паразитарлы ауруларды тіркеу және есепке алу. Жұқпалы және паразитарлы ауруларға эпидемиологиялық қадағалау жүргізудің рөлі мен тиімділігі.

**Орындаған:** Тоқтарбаев Е.Қ

**Тобы:** 024-01к

**Қабылдаған:** Максұтова Г.С

# Жоспар:

- 1) Эпидемиологиялық тәсіл түсінігі.
- 2) Эпидемиологиялық тәсілдің 4 әдістемелік нұсқаулары.
- 3) ҚР халқының арасындағы инфекциялық, паразиттік аурулар жағдайларын тіркеу және есепке алу.
- 4) ҚР тіркеу мен есепке алуға жататын халқының арасындағы жұқпалы және паразиттік ауруларының тізбесі.

# Эпидемиологиялық тәсіл

- Инфекциялық аурулардық таралу заңдылықтарын зерттеу үшін **кешенді эпидемиологиялық тәсіл** қолданылады.
- Эпидемиологиялық тәсіл 4 әдістемелік нұсқаулардан тұрады:
  - I. **Дескриптивті (сипаттап-бағалау);**
  - II. **Тәжірибеге негізделген;**
  - III. **Аналитикалық;**
  - IV. **Болжамды.**

# Эпидемиологиялық тәсіл келесі әдістемелік нұсқаулардан тұрады:

I. **Дескриптивті (сипаттап-бағалау)** сандық негізде эпидемиологиялық, әлеуметтік және экономикалық маңызы бар ауруларды анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл эпидемиологиялық тәсіл кезінде ресми тіркелген аурулар жайлы мағлұмат қолданылады.

- **Эпидемиологиялық маңыздылық** тұрғындардың аурушылдық деңгейімен;
- **Әлеуметтік маңыздылық** белгілі бір аурудың халық арасында таралуы нәтижесінде пайда болған теріс құбылыстар жиынтығымен;
- **Экономикалық маңыздылық** алдын алу және емдік шаралар нәтижесінде қоғам жұмсаған шығын мөлшерімен анықталады.

# Эпидемиологиялық тәсіл келесі әдістемелік нұсқаулардан тұрады: (жалғасы)

## II. Тәжірибеге негізделген:

- Әртүрлі зертханалық зерттеу әдістері;
- Жануарларға жүргізілген оқшауланған немесе жаппай тәжірибе;
- Адамға жүргізілген оқшауланған немесе жаппай тәжірибе;



## Эпидемиологиялық тәсіл келесі әдістемелік нұсқаулардан тұрады: (жалғасы)

- III. **Аналитикалық** – аурудың дамуына алып келген қауіп факторлары мен себептерін анықтау, осы себептер туралы гипотезаларды тұжырымдау және эпидемияға қарсы шараларды жобалау:
- **“жағдай-бақылау” әдісі** - берілген ауруы бар науқастар мен сол ауруы жоқ науқастардың зерттелетін факторға бейімділігі жайлы ақпаратты салыстыру
  - **Ретроспективті эпидемиологиялық анализ** – белігілі бір кезең ішінде ауруды тудыратын себептер мен шарттарды анықтау;
  - **Жедел эпидемиологиялық анализ** – нақты қазіргі уақытта ауруды тудыратын себептер мен шарттарды анықтау.

## Эпидемиологиялық тәсіл келесі әдістемелік нұсқаулардан тұрады: (жалғасы)

### IV. Болжамды:

- *Формальді – математикалық* – математикалық аппаратты қолдану негізінде аурушылдықты болжау, бірақ ауруды турдыратын жағдай мен себептер өзгермейді деген жорамалға негізделген.
- *Детерминделген (детерминированные)* – ауруды тудыратын жаңа, өзгермелі жағдайлар мен себептердің әсер етуі нәтижесінде аурушылдықты болжау.

## ҚР халқының арасындағы инфекциялық, паразиттік аурулар жағдайларын тіркеу және есепке алу.

1. Халықтың арасында жұқпалы және паразиттік ауруларды есепке алу науқастың тұрақты тұрғылықты жеріне қарамастан **науқасты тіркеу орны бойынша жүргізіледі.**
2. Жеке есепке алу **ҚР-да тіркеу мен есепке алуға жататын жұқпалы және паразиттік ауруларының тізбесіне сәйкес жүргізіледі.**

Жеке есепке алынуға жататын әрбір ауру жағдайына шұғыл хабарлама толтырылады, ол **12 сағат ішінде** аурудың тіркелген жері бойынша аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органына жіберіледі..



ҚР халқының арасындағы инфекциялық, паразиттік аурулар жағдайларын тіркеу және есепке алу. (жалғасы)

**3. Карантиндік аурулар, алапес, тері аурулары мен жыныстық жолмен берілетін тері аурулары, туберкулез, АҚТҚ-дан туындайтын аурулар жағдайында:**

Күдікті әрбір жағдай туралы науқасты анықтаған медицина қызметкері шұғыл хабарлама жасайды, оны ***3 күнтізбелік күннің ішінде*** аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органына жібереді.

Бұдан басқа, телефон, телетайп, модем байланыстары арқылы кейіннен жазбаша түрде растай отырып, жоғарыда тұрған денсаулық сақтау органдарына (облыстық басқармалар, департаменттер, Денсаулық сақтау министрлігі) кезектен тыс хабарлама жібереді.

***Телефон, телетайп, модем байланыстары арқылы жіберілетін хабарламада аурудың тегі, аты, әкесінің аты көрсетілмейді;***

## ҚР халқының арасындағы инфекциялық, паразиттік аурулар жағдайларын тіркеу және есепке алу. (жалғасы)

4. Емдеу-алдын алу ұйымдарында жеке есепке және санитарлық-эпидемиологиялық қызметте **жинақтық есепке** тұмау, бірнеше жерде орналасқан немесе орналасуы нақтыланбаған жоғарғы тыныс алу жолдарының өткір инфекциялары (ОРВИ), функционалды диарея жатады.

Осы жұқпалы аурулармен ауырған жағдайларға *шұғыл хабарлама жіберілмейді*, оларды *есепке алу амбулаториялық-емханалық ұйымдарда* жүргізіледі.

Амбулаторлық-емханалық ұйымдар ай сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 2 күні телефон арқылы аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органына науқастардың саны туралы жиынтық деректерді хабарлайды.

ҚР халқының арасындағы инфекциялық, паразиттік аурулар жағдайларын тіркеу және есепке алу. (жалғасы)

5. Шұғыл хабарламаны *ведомстволық бағыныстылығына қарамастан*, мына емдеу-алдын алу ұйымдарында ауруды анықтаған немесе оған күдіктенген *дәрігер немесе орта медицина қызметкері толтырады:*

1) амбулаториялық-емханалық ұйымдарында ;

2) жұқпалы ауру диагнозы стационарда қойылған кезде барлық ведомстволардың стационарларында;

3) сот-медициналық сараптама ұйымдарында;

4) балалардың мектепке дейінгі ұйымдарының, мектептердің, жоғары оқу орындарының медицина кабинеттерінде;

5) бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарында.

ҚР халқының арасындағы инфекциялық, паразиттік аурулар жағдайларын тіркеу және есепке алу. (жалғасы)

6. Денсаулық сақтау жүйесінің фельдшерлік-акушерлік пункттің медицина қызметкерлері N 058/е нысаны бойынша *хабарламаны екі данада жасайды:*
- бірінші дана аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органына,
  - екіншісі - емдеу-алдын алу ұйымына (учаскелік, аудандық, қалалық ауруханаға, амбулаторияға, емханаға және басқаға) салып жіберіледі.

## ҚР халқының арасындағы инфекциялық, паразиттік аурулар жағдайларын тіркеу және есепке алу. (жалғасы)

- 7. Балалар арасындағы ауруларды есепке алу мынадай тәртіппен жүргізіледі:**
- мектепке дейінгі балалар ұйымдарына қызмет көрсететін медицина қызметкері ауруды алғашқы рет анықтаған жағдайда;
  - емдеу-алдын алу ұйымының медицина қызметкері балалар ұйымдарына баратын балаларда анықтаған жұқпалы аурулар туралы мәліметтерді аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органына хабарлайды.
  - жазғы кезеңде қаладан тыс аймақта орналасқан балаларды сауықтыру ұйымдарына қызмет көрсететін медицина қызметкерлері сауықтыру ұйымының уақытша орналасқан жері бойынша аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органына шұғыл хабарлама жібереді.

ҚР халқының арасындағы инфекциялық, паразиттік аурулар жағдайларын тіркеу және есепке алу. (жалғасы)

8. Емдеу-алдын алу ұйымдарында жұқпалы және паразиттік ауруларды **тіркеу, есепке алу үшін жауапты лауазымдық тұлғалар:**
- 1) емдеу-алдын алу ұйымында - *бас дәрігері;*
  - 2) мектепке дейінгі балалар ұйымдарында, мектептерде, балалар үйлерінде, сауықтыру ұйымдарында - осы *мекеменің медицина қызметкері.*

ҚР халқының арасындағы инфекциялық, паразиттік аурулар жағдайларын тіркеу және есепке алу. (жалғасы)

9. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары олардың аумақтарында **басқа өңірлерден келген адамдарда жұқпалы аурулар жағдайы анықталған кезде аурудың ошақтарында тиісті эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу үшін науқастардың тұрғылықты тұратын жері бойынша санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органын хабардар етуге тиіс.**

# ҚР тіркеу мен есепке алуға жататын халқының арасындағы жұқпалы және паразиттік ауруларының тізбесі:

- 1) оба (A20);
- 2) тырысқақ (A00);
- 3) сары қызба (A95);
- 4) алапес (A30);
- 5) сифилистің (A50-(A53);
- 6) гонококк инфекциясы (A54);
- 7) хламидий инфекциясы (A55; A56);
- 8) іш сүзегі (A01.0);
- 9) А, В, С қылауы (A01.1-A01.4);
- 10) басқа да сальмонеллез инфекциялары (A02);
- 11) шигеллез (бактериялық дизентерия) (A03);
- 12) *Yersinia enterocolitica* туындаған (иерсиниоз) (A04.6; A28.2);
- 13) басқа да бактериялық ішек инфекциялары (A04.0-04.5; A04.7-A04.9);
- 14) басқа да бактериялық тамақтан уланулар (A05);
- 15) амебиаз (A06);
- 16) балантидиаз (A07.0);
- 17) вирусты және басқа да нақтыланған ішек инфекциялары (A08);
- 18) туляремия (A21);
- 19) күйдіргі (A22);
- 20) бруцеллез (A23);
- 21) эризипилоид (A26);
- 22) басқа да бактериялық зооноздар (A28);
- 23) листериоз (A32);
- 24) дифтерия (A36);



# ҚР тіркеу мен есепке алуға жататын халқының арасындағы жұқпалы және паразиттік ауруларының тізбесі: (жалғасы)

- 33) қызамық (B06);
- 34) кене вирусты энцефалит (A84);
- 35) буынаяқтылар арқылы берілетін вирусты қызбалар мен вирусты геморрагиялық қызбалар (A90-A99);
- 36) вирусты гепатит (B15-B19);
- 37) құтырма (A82);
- 38) эпидемиялық паротит (B26);
- 39) орнитоз, пситтакоз (A70);
- 40) жұқпалы моноклеоз (B27);
- 41) аусыл (B08.8);
- 42) риккетсиоздар (A75-A79);
- 43) безгек (B50-B54);
- 44) лейшманиоз (B55);
- 45) лептоспироз (A27);
- 46) гельминтоздар (B65-B83);
- 47) педикулез (B85);
- 48) легионерлер ауруы (A48.1);
- 49) туберкулез (A15-A19);
- 50) қышыма (B86);
- 51) перинатальдық кезеңге тән жұқпалы аурулар (P-36-P39);
  
- 54) адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышынан (АҚТҚ) туындаған белгілері жоқ жұқпа мәртебесі (Z21);
- 55) іш сүзегінің қоздырғышын тасымалдаушылық (Z22.0);
- 56) сальмонеллездің қоздырғышын тасымалдаушылығы (Z22.1);
- 57) дизентерия қоздырғышын тасымалдаушылық (Z22.1);
- 58) дифтерияның қоздырғышын тасымалдаушылық (Z22.2);
- 59) безгектің қоздырғышын тасымалдаушылық (Z22.8);
- 60) хануерлердің тістегі түкіріктегі тырманы (W54; W55);

## Қолданылған әдебиеттер:

- [http://bolezni.by/osnovy-epidemiologii/191-metod-epidemiologii\](http://bolezni.by/osnovy-epidemiologii/191-metod-epidemiologii)
- <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005908>
- [http://bono-esse.ru/blizzard/Medstat/Statan/stat\\_org\\_2.html](http://bono-esse.ru/blizzard/Medstat/Statan/stat_org_2.html)
- <http://www.medical-enc.ru/26/epidemiological-obsledovanie.shtml>
- <http://www.kazreferat.info/read/sanitarno-protivoepidemicheskie-me-ropriyatiya-NTkxNDY=>

**Назарларыңызға  
рахмет!**